

## КҮЛӘШ ХАҚЫНДА



Л. Хамиди Қазақстанда бірінші болып вальс жанрын енгізді. Бұл жағдай қазақ вокалдық шығармашылығын байыта түсуге әсер етті. Фортепианолық дауысқа арналған «Алғашқы вальсті» Л. Хамиди сонау 1922 жылы М. Жәлил сөзіне жазған болатын. Ал С. Мұқанов сөзіне жазылған «Қазақ вальсі» Қазақстанда 1940 жылы «Екі той» радиопьесасына арналып дүниеге келген сәтінен көпшілік ұнатып, «ұлттық халықтық дауыс ырғағын кәсіби музыка мәдениетіне тән жаңа жанрлық сипаттарымен үйлес

тіре білгендігінен» әйгілі вальске айналды.

«Қазақ вальсін» тұңғыш орындаушы ССРО халық әртісі Күләш Байсейітова болды. Ұлы әртістің тартымды ерекшелікпен насихаттауы арқасында вальс бүкіл дүние жүзіне таралып кетті.

«Қазақ вальсінен» басқа Л. Хамиди тағы оншақты вальс тудырды, оның ішінде ерекше атауға тұрарлығы – Н. Баймұхамедовтің сөзіне жазылған «Алматы вальсі», Қ. Байсейітовтің сөзіне жазылған «Көктем вальсі», Н. Әлімқұлов сөзіне жазылған «Бұлбұл», Қ. Байсейітовтің сөзіне жазылған «Аққу», Х. Ерғалиев сөзіне жазылған «Жайлауым – бақша гүлденген».

*Латиф Хамиди, «Жазушы», 1966 / Ауд.: Әсия Орынбаева, 2004*